ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 қараша №7119-24-00-2/14130 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Әубекеров Бердібек Әнуарбекұлы дара кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазахстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер Әубекеров Бердібек Әнуарбекұлы дара кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы- қанағаттандырылсын.

Жауапкер Әубекеров Бердібек Әнуарбекұлы дара кәсіпкер (БСН 010605550951) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Әубекеров Бердібек Әнуарбекұлы дара кәсіпкер (БСН 010605550951) мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Көшірмесі дұрыс:

Судья Хасанова Э.Е.

Анықтама: шешім заңды күшіне 19.11.2024 жылы енді

Судья Хасанова Э.Е.